


МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ «Ә» тобындағы балалардың өмірін және тәрбиесін ұйымдастырудың циклограммасы
I апта (05-09 сәуір).

Бекітемін:

Оқу ісі жөніндегі орынбасары: 

Аманжолбаева А.Ж

Тәрбиеші: Бурунбаева М.Ж

Өтпелі тақырып: «Біз еңбеккер баламыз»

Күн тәртібі.	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Сәлеметсіздер ме, балалар!	Балалармен амандасу. Балаларды қабылдау. Жағымды жағдай орнату. Балалардың көңіл күйіне назар аудару.				
Шаттық шеңбері.	Жыршы құстар көп келді, Гүлдер жапты бөктерді. Кел балалар әнменен, Қарсы алайық көктемді.				
Мектепке дейінгі ұйым бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі.	<p>I.Сауат ашу.</p> <p>Тақырыбы: Көмпиттің сөзі. Ф дыбысы мен әрпі. Мақсаты: Балаларды Ф дыбысы және оның әріп таңбасымен таныстыру. Балалардың сөздік қорын молайту. Жазуға қолдарын жаттықтыру.</p> <p>Әліппе дәптермен жұмыс.</p> <p>I.Көмпиттің сөзі. Дүкен сөресінде жатқан көмпит вафлиге былай деді: -Мені балалар өте жақсы көреді. Менің пішінім әртүрлі. Бірде футбол добына, бірде пирмидаға ұқсаймын. Мен фабрикада жасаламын. Цирктегі күшіктер де: «Аф-Аф!»-деп көмпит жеу үшін тапсырманы орындайды. Көмпиттің сөзін тыңдап жатқан вафлиді бір бала сатып алып кетті.</p>	<p>I.Математика.</p> <p>Тақырыбы: Менің анам. Заттар тобын салыстырамын.(=, > <) белгілері. Мақсаты: (=, > <) белгілерін балаларға таныту. Көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар мен тапсырмаларды орындау.</p> <p>Әліппе дәптермен жұмыс. I.Суреттегі заттарды сана. Не артық, не кем, ата.</p> <p>Белгілердің үстінен саусағымен жүргіз. Артық. Кем. Тең. > < =</p> <p>2.Әлия дастархан жайды. Қайсысы артық: тәрелке ме, саптыаяқ па? Қайсысы кем: қасық па, тәрелке ме?</p> <p>Саптыаяқ: 5. Тәрелке: 6.</p>	<p>I.Сауат ашу.</p> <p>Тақырыбы: Тәтті балдың әлегі. Ю дыбысы мен әрпі. Мақсаты: Балаларды Ю дыбысы және оның әріпмен таныстыру. Ю дыбысы бар сөз ойлап табуына назар аудару. Балалардың сөздік қорын молайту. Қолдарын жазуға жаттықтыру.</p> <p>Тыңда. Жарыс. Қасқыр аңдарға: -Қатарға тұрындар!-деді. Аңдар қатарға тұрды. -Ал жүгіріндер!-деді. Аңдар жарыса жүгірді. Қорбанды аю аралардың ұясын бұзып кетті.аралар аюды талай бастады. Арадан қашқан аю тез жүгірді. Ол мәреге бірінші болып келді. Аю сөзіндегі ю дыбысының орнын анықтау.</p>	<p>I.Құрастыру.</p> <p>Тақырыбы: Көңілді қуыршақтар. Мақсаты: Табиғи және жасанды заттардың қасиеттерін атау.</p> <p>Шаттық шеңбері.</p> <p>Біз ұқыпты баламыз, Айтқан тілді аламыз. Ойыншықты жинаймыз, Үлкендерді сыйлаймыз</p> <p>Сендердің сүйікті ойыншықтарың бар ма? Қандай ойыншықтарды жақсы көресіңдер? Ойыншықтарды қалай ұстау керек?</p> <p>Жұмбақ жасыру. Аяғы бар жүрмейді, Аузы бар күлмейді. Айнымайды бөпемнен, Тек сөйлеуді білмейді. (қуыршақ).</p>	<p>I.Өзін өзі тану.</p> <p>Тақырыбы: Еңбеккер баламыз. Мақсаты: Балаларды еңбеккерлікке тәрбиелеу.</p> <p>Шаттық шеңбер.</p> <p>Мен еңбеккер баламын, Тек жақсылық ойлаймын. Кішілерге қамқор боп, Үлкеннің тілін аламын.</p> <p>-Үйде ата анаңа қандай көмек бересіңдер?</p> <p>Көмек. Таза ұстаймын үйімді, Менен жұмыс қала ма? Ілгішке іліп киімді Көмектесем мамама. Елгезекпін бұл анық, Мамамды мен сыйлаймын. Білегімді сыбанып,</p>

<p>Мәтіннен Ф дыбысы бар қандай сөз естідің?</p> <p>2.Сұрақтарға жауап бер. Ф дыбысының орнын тап. Дыбыстық талдау жаса.</p> <p>Піл ме, філ ме? Телефон ба, телепон ба?</p> <p>3.Заттардың атауын ата. Сөздерге дыбыстық талдау жаса. Сөздерді буынға бөл. Фонтан. Факс. Футбол. Фото. Ф қатаң дауыссыз дыбыс.</p> <p>4.Ф әрпімен таныс бол.</p> <p>Ф арқасын тіреп жабысып, Екі «Р» қалған қабысып. М.Әлімбаев.</p> <p>5.Моншақтардан, шеңбер және сызықтан Ф әрпінің бейнесін жаса.</p> <p>Ф әрпін бастырып жазу.</p> <p>Балаларға буындарды оқыту. Фа фо фе фу фи.</p> <p>Сергіту сәті. Қарлығашқа ұқсайық, Қәне қанат қағайық. Қарлығаш болып ұшайық, Ұшып, ұшып қонайық.</p> <p>Футбол. Футбол деген ойынға, Барлық бала құмар-ақ. Бірақ жолдың бойында, Доп теппендер қуалап.</p> <p>-Футбол ойынын ұнатасындар ма? Д.О. «Сөз ойла, көп ойла» Футбол сөзіне сөйлем</p>	<p>3.Қаламмен бастырып жаз</p> <p>Сергіту сәті. 1 дегенде тұрайық, 2 3 4 алақанды соғайық. Оң жаққа бұрылып, Сол жаққа бұрылып Бір отырып, Бір тұрып Біз жүгіріп алайық. 5 дегенде асықпай, Орнымызды табайық.</p> <p>Қорытынды: -Қандай белгілермен таныстындар? Балаларды мадақтау. Бағалау.</p> <p>2.Сөйлеуді дамыту.</p> <p>Тақырыбы: Атамның ауылында. Мақсаты: Сөздер мен фразалардағы дыбыстарды дұрыс дыбыстау.</p> <p>Жұмбақ жасыру.</p> <p>Өзі үлкен жануар, Үстінде екі тауы бар. (түйе). Өзі жуас, өзі момын, Бір шешпейді тонын. (қой). Тастан тасқа секіреді, Қалқайып қос құлағы. Ойын болып көкірегі, Аула оның тұрағы. (лақ). Кішкентай ғана бойы бар, Айналдырып киген тоны бар. (қошақан). «Ауылда» Н.Қадырбаев</p>	<p>Тыңда. Аю-жыртқыш аң. Ол ну орманда тіршілік етеді. Оның сүйкімді конжықтары секіріп ойнайды. Аюлар қоңыр, кара, ақ түсті болады.</p> <p>Әліппе дәптермен жұмыс. Тәтті балдың әлегі.</p> <p>1.Суретте не болып жатыр деп ойлайсың? Аюдың ашқарақтығы. Қай сөзден ю дыбысын естідің? 2.Қарама қарсы сөзбен сипатта. Сүт сұйық, айран қою. 3.Апам құртты қайда жаяды? Құртты оюлы сырмаққа Шиге Дастарханға жайды.</p> <p>Ю қосарлы дауысты дыбыс. Ю=Й=У</p> <p>4.Ю әрпімен таныс бол. Шеңберді әкеп алаңға, Байлап қойдым бағанға. М.Жаманбалинов.</p> <p>5.Ю әрпінің бейнесін моншақ және ермексаздан бейнелеп жаса. 6.Ю әрпімен оюдың ішін сызықтармен толтыр. Ою сөзіндегі ю әрпінің орнын тап.</p> <p>Ю әрпін бастырып жаз.</p>	<p>Әліппе дәптермен жұмыс.</p> <p>-Сен ұйқыдан ояңғанда қандай көңіл күйде боласың? -Ал қазір сендердің көңіл күйлерің қандай? -Сен өз көңіл күйіңді қалай жеткізер едің?</p> <p>Балалардың жұмысы</p> <p>«Көңілді қуыршақтар» (қуыршақтың көйлегін түрлі түсті қағаздардан қиылған өсімдіктестес немесе геометриялық ою өрнектермен әшекейле)</p> <p>Сергіту сәті.</p> <p>Көілді балапандар. Балапандар басады: Аяқтарын топ, топ. Аяқтары шаршаса, Қанаттарын қағады, Шарт! Шарт! Шарт! Содан кейін отырып, Әсем биді билейді, Шик, шик, шик. Олар қашса егер де, Ұстай алмас ешкім де.</p> <p>Қорытынды.</p> <p>-Қандай ойыншық түрлерін білесің? -Ойыншықты кімдер жасайды?</p> <p>Балаларды мадақтау. Бағалау. Ең жақсы жасалған жұмыстардан</p>	<p>Бдысты да жуамын.</p> <p>Еңбек. Гүл өсірсең терлеп, Мұның аты-Еңбек. Кесте тіксең зерлеп, Мұның аты-Еңбек.</p> <p>Қырға шыксаң өрлеп, Мұның аты-Еңбек. Қиындықтың бәрін, Еңбек қана жеңбек.</p> <p>Еңбек-адамның өзіне, өміріне және қоғамға пайда келтіретін іс әрекеті. Еңбек арқылы адам өз арманы мен мақсатына жетіп, қуанышқа, бақытқа бөленеді.</p> <p>Еңбек-қуаныш, Жалқаулық-айырылмас азап. Абай.</p> <p>«Жұмыс» Д.Габе. әңгімесін балаларға оқып беру.</p> <p>Қорытынды:</p> <p>-Неліктен еңбекқор баланы бәрі жақсы көреді? -Еңбек адамға не үшін қажет деп ойлайсындар? -Адамға жақсы өмір сүру үшін ең алдымен не қажет деп ойлайсындар?</p> <p>Балаларды мадақтау. Бағалау.</p> <p>2.Музыка.</p>
-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

	<p>құрастыру. Мақсаты: Балалардың сөздік қорын молайту. Тіл байлығын арттыру.</p> <p>Қорытынды: -Қандай әріппен таныстыңдар? Ф қандай дыбыс -Достарыңмен қандай ойын ойнағанды ұнатасыңдар?</p> <p>Балаларды мадақтау. Бағалау.</p> <p>2.Музыка.</p> <p>Тақырыбы: Киіз үй. Мақсаты: Музыкалық шығарманың сипатын ажырату. (салтанатты, қуанышты, ашық жарқын, көңілсіз, мұңды).</p> <p>Ән тыңдау: «Қазағымның қасиетті ақ үйі» Ән айту: «Киіз үй» Музыкалық ырғақты қозғалыс: «Киіз басу».</p> <p>3.Жаратылыстану.</p> <p>Тақырыбы: Магниттің ерекшелігі қандай? Мақсаты: Магниттердің қолдану жолдарын пайымдау. Балаларға магнит туралы түсінік беру.</p> <p>Әліппе дәптермен жұмыс.</p> <p>1.Магнит тартатын заттарды ата және белгіле. Өз үйіңде магниті бар қандай заттар бар? Магниттің қандай пайдасы бар?</p>	<p>әңгімесін балаларға оқып беру.</p> <p>Әліппе дәптермен жұмыс.</p> <p>1.Атамның ауылында. Сурет бойынша әңгімеле.</p> <p>-Жылқышы нені бағады? -Бақташы нені бағады? -Айналасында қандай жануарлар жүр? -Оларды бір сөзбен не дейміз? -Төрт түлік несімен пайдалы? -Ет пен сүттен қандай тағамдар жасалады?</p> <p>2.Суреттерді сәйкестендір. Қайсысы не береді? 3.Ортақ атауын тап. 4.Суреттегі заттарды тізбек бойынша түсіндір.</p> <p>Сергіту сәті. Айналайын торпақ, бола берме қорқақ. Айналайын қозым, малда жуас бозым. Айналайын ботам, қандай күлте жотаң, Жалт жұлт етіп лақ, жағалайсың бұлақ.</p> <p>Бірге жаттайық. Қозы. Кіп кішкене момақан, Қошақанды ұнатам. Сүйеді апам «қозым»-деп Қошақаным өзін деп.</p> <p>Ақ бұзау. Ақ бұзауым ұнайды, «Мө- мө»-деп сүт сұрайды.</p>	<p>Сергіту сәті. Ормандағы аюдың, Құлпынайы көп екен. Теріп -теріп алайық, Қалтамызға салайық.</p> <p>Сөздерді оқу. А-ю, о-ю, қо-ю, құ-ю, сү-ю.</p> <p>Қорытынды.</p> <p>-Қандай әріппен таныстыңдар? -Ю қандай дыбыс?</p> <p>Балаларды мадақтау. Бағалау.</p> <p>2.Денешынықтыру.</p> <p>Тақырыбы: Нысанаға тигіз. Негізгі қимылдар: Организмнің төзімділігімен жаттыққандығын жетілдіру үшін түрлі жүктемелерді біртіндеп үдетумен қатар дене жаттығуларын орындау.</p> <p>1.Аяқ бірге, қолды алға созу, жоғары көтеру, жанға созу. 2.Қол белде, оңға, солға иілу. 3.Отырайық жүрелеп, Гүлдерді біз алайық. Орнымыздан түргеп, Басқа гүлге барайық. 4.Қолымыз иықта, алға артқа есу. 5.Қол белде оң аяқпен үш рет, сол аяқпен үш рет және қос аяқпен үш рет</p>	<p>көрме ұйымдастыру.</p> <p>2.Жапсыру.</p> <p>Тақырыбы: Басқұрды безендіреміз. Мақсаты: Қазақстан халықтарының сәндік қолданбалы өнерінің желісімен, өрнектерді симметриялы, ырғақпен, пішіндер мен ою элементтерін кезектестіре отырып, жапсырудағы өрнек элементтерінің кеңістік қатынасын есепке ала отырып, геометриялық пішіндер, өсімдік элементтері негізінде өрнектерден жапсырулар құрастыру</p> <p>Сұрақтар: -Киіз үйді көргендерің бар ма? -Киіз үй қандай болады?</p> <p>Басқұр-киіз үйдің ішін безендіру үшін, әрі уық пен керегенің түйіскен жерін сыртынан бастырып таңатын өрнекті жалпақ құр. Басқұрдың ұзындығы киіз үйді айналдыра орап шығатындай болады. Басқұрды өрмекпен терме тоқу, қақпа тоқу әдістерімен әртүсті жіп, арқау салып, ою өрнекті етіп тоқиды. Түкті немесе ақ басқұр және түксіз немесе ала басқұр болып екіге бөлінеді</p>	<p>Тақырыбы: Киіз үй. Мақсаты: Музыкалық шығарманың сипатын ажырату. (салтанатты, қуанышты, ашық жарқын, көңілсіз).</p> <p>Ән тыңдау: «Қазағымның қасиетті ақ үйі» Ән айту: «Киіз үй»</p> <p>Музыкалық ырғақты қозғалыс: «Киіз басу»</p> <p>3.Қауіпсіз мінез құлық негіздері.</p> <p>Тақырыбы: Қауіпсіздік мектебі. Мен үйдемің. Мақсаты: Үйдегі қарапайым қауіпсіздік ережелерін білу.</p> <p>Әліппе дәптермен жұмыс.</p> <p>1.Бөтен адам есік қағып тұр. Суреттегі адамның орнында болсаң, сен не істер едің? Есте сақта! Егер біреу есік қақса, ешкімге есік ашпа!</p> <p>2.Сурет бойынша әңгіме құра. Үйде жалғыз қалған бала қандай қауіпке ұрынуы мүмкін?</p> <p>Арнайы құтқару қызметінің номері-112.</p>
--	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

<p>2.Магнит қандай заттарды тартады? Ересектердің көмегімен орында.</p> <p>3.Магнитпен қандай ойындар ойнауға болады? Суреттерден қайсысы артық? Неге?</p> <p>Магнитті қолданудың жүздеген әдістері бар. Магниттер түрлі объектілерді ұстау, бөлу, бақылау, тасымалдау және көтеру үшін пайдаланады.</p> <p>Мына ойыншықтарда магниттер бар: .Магнитті конструктор. .Сурет салуға арналған магниттік тақтайша. .Магнитті шахмат. .Магнитті әріптер мен сандар. Сергіту сәті. Аққу болып ұшамыз, Көлге келіп қонамыз. Көлдiң бетiн құшамыз, Қайта самғап ұшамыз.</p> <p>Қорытынды: -Қандай магнитті ойыншықтарың бар? -Шахмат ойыны сендерге ұнай ма?</p> <p>Балаларды мадақтау. Бағалау.</p> <p>4.Ұлттық ойындар. Таырыбы: «Асық ойыны» Мақсаты: Балаларға асық туралы түсініктерін бекіту. Еңбексүйгіштікке, мәдениеттілікке, тәрбиелеу. Жұмбақ шешейік.</p>	<p>Ақ бұзауды бағамын, Апамнан алғыс аламын.</p> <p>Бөрте лақ. Шөре -шөре лағым, Тентек болма шырағым. Секектеме, демiңдi ал, Селтендемей құлағың.</p> <p>Құлыншақ. Құлдыр құлдыр құлыншақ, Жібек жалды құлыншақ. Жүйріктігі құйындай, Құлыншаққа мiнде шап.</p> <p>Қорытынды: -Үй жануарларын атаңдар. -Үй жануарларының адамдарға қандай пайдасы бар? -Түйе, жылқы, сиыр, қой, ешкінің төлдерін атаңдар.</p> <p>Балаларды мадақтау. Бағалау.</p> <p>3.Сурет салу.</p> <p>Тақырыбы: Бізді зымырандар күтуде. Мақсаты: Суреттегі бейненің көңіл күйін беру үшін қағаз реңі мен түс үйлесімділігін таңдау.</p> <p>Шаттық шеңбер. Көкке ұшамын, Ұшқыш болар баламын. Соңынан ерем Ер ғарышкер ағаның.</p> <p>Жұмбақ. Ұшады қанатсыз, Зырлайды аяқсыз. (зымыран).</p>	<p>секіру. 6.Қоян секіреді, ат шабады, құс ұшады, аю қорбандайды, адам жүреді. (қимылдарын жасау). 7.Аяқтың ұшымен көтерілу.демді жұтып шығару. 8.Саппен жүріп өту.</p> <p>Қимылды ойын: «Мергендер» Мақсаты: Нысанаға дәл тигізе білу.</p> <p>Балаларды сапқа тұрғызу. Мадақтау.</p> <p>3.Көркем әдебиет.</p> <p>Тақырыбы: Ертегілер еліне саяхат. Мақсаты: отбасы туралы түсініктерін кеңейту, отбасындағы өзара сыйластық қарым қатынас дағдыларын дамыту.</p> <p>Ертегілер еліне саяхат.</p> <p>-Балалар сендер қандай ертегілерді білесiңдер? -Ертегі тыңдаған сендерге ұнай ма? -Ертегі қалай басталады?</p> <p>Суреттен Алдаркөсені көрсет. Ол неге Алдаркөсе деп аталады? Алдаркөсе қандай кейіпкер?</p> <p>Алдаркөсенің әнін көңілдене бірге шырқайық! Мен Алдармын, Алдармын,</p>	<p>түкті ақ басқұрды түрлі түсті жіптерді негізгі жіптерге түйіндеп, түкті ою өрнек салып тоқиды. Түксіз ала басқұр әртүсті жіптерден алаша секілді тоқылады. Басқұрды түйе, қой және жылқы қылы қосылған және ешкі жүнінен тоқиды.</p> <p>Сұрақтар: -Қандай ою өрнек түрлерін білесiңдер?</p> <p>Бірге жаттаймыз.</p> <p>Үйрену. Бұйымдар мен заттарды, Сәндеу үшін көрнекті. Қиын да болса қиналмай, Мен үйрендім өрнекті.</p> <p>Балалардың жұмысы «Басқұрды безендір» (балалар түрлі түсті қағаздан жасайды).</p> <p>Сергіту сәті.</p> <p>Қайшыны қолға аламыз, Оюды өзіміз оямыз. Талып қалса саусағым, Сәл дем алып аламыз.</p> <p>Ою ойдық өзіміз, Талып қалды қолымыз. Кішкене дем аламыз, Қайтадан ою оямыз.</p> <p>Қорытынды. Басқұр дегеніміз не екен</p>	<p>Есте сақта!</p> <p>.Терезенің торына сүйенбе, ол нашар орнатылған болуы мүмкім! .Ашық тұрған терезеге жақндама! .Балконның жақтауына асылып, орындық үстіне шығып төменге қарама! .Балкон торының арасына басты сұғуға болмайды!</p> <p>3.Суреттегі балалардың қылығына баға бер. Қандай қауіп төніп тұрғанын әңгімеле.</p> <p>Қорытынды. Үйде жалғыз қалғанда қандай қауіпті істерге баруға болмайды? Балаларды мадақтау.</p> <p>4.Ойнаймыз,ойлаймыз. Тақырыбы: Арифметикалық лото. Мақсаты: Кестелік қосу және азайту тәсілдерін пысықтау. Балалардың жұмысы «Балапан» сурет салу.</p> <p>Сұрақтар: Үй жануарларының қандай пайдасы бар Сиырдың сүтінен қандай тағамдар жасалады</p> <p>Сергіту сәті.</p>
-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

<p>Төбесінде ебелек, Ұшады ол керемет. (тікұшақ). Арқасында ауыл жүр, Ала тайым шауып жүр. (автобус). Қазша қанатын жаяды, Үйрекше мойынын созады, Құсша қонады. (ұшақ).</p> <p>-Әуе көліктерін атаңдар. -Балалар, ұшақты жүргізетін адамды кім деп атаймыз? Ұшқыш болған сендерге ұнай ма?</p> <p>Балалардың жұмысы: «Ұшақ» (ұшақтың суретін салады).</p> <p>Сергіту сәті. Орнымыздан тұрамыз,қанатымызды жаямыз. Ұшақ болып ұшамыз, Суда жүйіткіп жүземіз, Кемелерді түземіз. Жол тәртібін сақтап, Троллейбусқа мінеміз.</p> <p>Д.О. «Сөйлемді толықтыр. Сұрақтарға жауа бер»</p> <p>Егер көлік жермен жүрсе, бұл....көлігі.</p> <p>Жерде жүретін көлік түрлерін ата.</p> <p>Егер сумен жүрсе, бұл....көлігі.</p> <p>Суда жүзетін көлік түрлерін ата.</p>	<p>Тыңда. Адамдар ғарышқа ұшуды армандады. Ғарышқа ең алғаш 1961 жылы 12 сәуірде тұңғыш рет Ю.Гагарин ұшты. Қазақ ғарышкерлері Т.Әубәкіров Т.Мұсабаев. Біз қазақ ғарышкерлерін мақтан етеміз.</p> <p>Бірге жаттаймыз.</p> <p>Мен ғарышкер боламын Аспан, аспан, арайлым, Саған жиі қараймын. Сені көзбен шоламын, Мен ғарышкер боламын.</p> <p>-Ғарышқа немен ұшады? -Ғарышкер болған сендерге ұнай ма?</p> <p>Балалардың жұмысы. «Зымыран» (балалар зымыранның суретін салады).</p> <p>Сергіту сәті. Біз ұшамыз, ұшамыз, Бар әлемді құшамыз. Әрбір ел мен қалаға, Қуаныш, бақыт сыйлаймыз.</p> <p>Д.О. Сөйлемді толықтыр. Сұрақтарға жауап бер.</p> <p>.Егер көлік жермен жүрсе, бұл.... көлігі. Жерде жүретін көлік түрлерін ата. .Егер сумен жүрсе, бұл....көлігі. Суда жүзетін көлік түрлерін ата.</p>	<p>Сақалымды талдармын. Сақал түгіл мұрт та жоқ Шығайбайды да алдадым.</p> <p>Суретпен жұмыс. «Алдаркөсе мен бай» ертегісі. Суреттегі ертегі желісі бойынша жұбыңмен диалог құр.</p> <p>Д.О. «Бұл қай ертегі?» Ойын шарты: Тақтаға бірнеше ертегілер бейнеленген суреттер ілінеді. Балалар қандай ертегі екенін айтады.</p> <p>Балалардың жұмысы. «Менің сүйікті ертегім» (балалар өздеріне ұнаған ертегі кейіпкерінің суретін салады).</p> <p>Д.О. «Жалғастыр» Мақсаты: Балалар таныс бір ертегіні айтады, келесі бала сол ертегіні жалғастырады.</p> <p>Қорытынды: -Кім сендерге ертегі айтып береді?</p> <p>Балаларды мадақтау. Бағалау.</p> <p>4.Мүсіндеу.</p> <p>Тақырыбы: Қыдырымпаз мысық. Мақсаты: Кейіпкерлерге тән бөліктерді (мұрын, ауыз, көз, құлақ, аяқ) пропорцияны сақтай</p>	<p>Басқұрды қандай ою өрнектермен безендірдіңдер</p> <p>Балаларды мадақтау. Бағалау. Ең жақсы жасалған жұмыстардан көрме ұйымдастыру.</p> <p>3.Дене шынықтыру.</p> <p>Тақырыбы: Асық ойнау. (ауада). Негізгі қимылдар: Организмнің төзімділігі мен жаттыққандығын жетілдіру үшін түрлі жүктемелерді біртіндеп үдетумен қатар дене жаттығуларын орындау.</p> <p>1.Шеңбер бойында жәй жүру; аяқтың ұшымен жүру; өкшемен жүру; табанның ішімен және сыртымен жүру; жартылай отырған қалыпта жүру. 2.Қол белде оңға, солға иілу. 3.Қолымыз иықта алға, артқа есу. 4.Қол белде оң аяқпен, сол аяқпен және қос аяппен 3 рет секіру. 5.Саппен жүріп өту.</p> <p>Қимылды ойын. «Омпы» Мақсаты: көп асық ұтып алу. Ойын шарты: Ойнаушылар арасы 20 қадам екі көмбе сызады</p>	<p>Тіктеп титтей құлағын, ботам былай жүреді, Сыртылдатып тұяғын, бұзау оған ереді. Алға созып мойнын, ойнақтайды ботақан, Көкке қарай мұрынын шүйіреді бұзауқан</p> <p>Д.О. «Үй жануарлары»</p> <p>Ойын шарты: Балаларға үй жануарларының суреттері таратылып беріледі. Әр бала сурет бойынша үй жануарлары туралы білетінін айтып береді. Қорытынды. -Үй құстары не жейді? -Адам тауықты не үшін асырайды? -Үй жануарларының төлдерін ата. -Үй жануарлары адамға не береді?</p> <p>Балаларды мадақтау. Бағалау.</p>
--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

	<p>Егер әуеде ұшса, бұл...көлігі. Әуеде ұшатын көлік түрлерін ата.</p> <p>Қорытынды:</p> <p>-Қандай көлік түрлерін білесіңдер? -Ұшаққа мініп көрдіңдер ме? -Ұшаққа мінген ұнай ма?</p> <p>Балаларды бағалау. Ең жақсы салынған суреттерден көрме ұйымдастыру.</p>	<p>.Егер әуеде ұшса, бұл...көлігі. Әуеде ұшатын көлік түрлерін ата.</p> <p>Қорытынды:</p> <p>-Қазақ халқынан алғаш ғарышқа ұшқан ғарышкердің аты кім? -Ғарышқа ұшу үшін қандай болу керек? -Өскенде ғарышкер болғың келе ме?</p> <p>Балаларды мадақтау. Бағалау. Ең жақсы салынған суреттерен көрме ұйымдастыру.</p> <p>4.Орыс тілі.</p> <p>Тақырыбы: Если только захочу, на луну я полечу! Мақсаты: произносить и различать звуки и слова в фразах. Находить информацию в картинках иллюстрациях и соотносить их.</p> <p>Әліппе дәптермен жұмыс. Куда ведут дороги? 1.Послушай и повтори. На каком транспорте летают люди?</p> <p>Словарник.</p> <p>Космонавт-ғарышкер. Лётчик-ұшқыш. Летает-ұшады. Самолёт-ұшақ. Вертолёт-тікұшақ. Ракета-зымыран.</p>	<p>отырып қарапайым әдістерді (жұмырлау, жаю, жалпайту, кескіш көмегімен ойып алу т.б.) қолданып мүсіндеу, жұмыстың конструктивті және пластикалық техникаларын үйлестіріп, бөліктерді біріктіру.</p> <p>Балаларға сұрақтар қою: Өзің жақсы көретін үй жануарлары туралы айтып бер. Сен оған қандай қамқорлық жасайсың?</p> <p>Жұмбақ.</p> <p>Мұртын сипап күні бойы, Бетін сусыз жуады. Тысырды аңдып түні бойы, Тышқанды көп қуады (мысық). «Мақта қыз бен мысық» ертегісін еске түсіру.</p> <p>«Ит пен мысық адамға қалай дос болды?» ертегісін балаларға оқып беру.</p> <p>Балалардың жұмысы. «Қыдырымпаз мысық» (балалар мысықты ермексизден мүсіндейді).</p> <p>Сергіту сәті.</p> <p>Мен кәдімгі мысықпын, Рас көзі қысықпын. Жүйкесінде ойнаймын, Тышқан деген пысықтың</p>	<p>да көмбенің тең ортасына сызық бойына әрқайсысы екі асықтан тігеді. Тігілген асықтардың тап ортасына бір асықты омпысынан тұрғызады. Балалар кезек кезек сақаларымен он қадам жердегі омпыны атып түсіріп, асық ұтып алуға кіріседі. Егер атушы омпыға бірден тигізсе, онда тігілген бар асықты сол алады ал омпыға тигізе алмай, тұрған асықтардың біреуіне тигізсе, сол асықты ғана алады.</p> <p>Балаларды мадақтау. Бағалау.</p> <p>4. Логика әлемі. Тақырыбы: 0 саны мен цифры. Мақсаты: 0 санымен және цифрымен, сандық қатардағы орнымен танысу. Сергіту сәті.</p> <p>Алға қарай бір қадам, Артқа қарай бір қадам, Оңға қарай бір қадам, Солға қарай бір қадам Бір отырып, бір тұрып, Сәл тынығып алайық.</p> <p>Қорытынды:</p> <p>-Бүгін қандай тапсырмалар орындадыңдар?</p>	
--	----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	--

		<p>2. Кто управляет самолётом? Составь предложения с помощью схемы.</p> <p>3. Обведи. продолжи ряд.</p> <p>Сергіту сәті. Орнымыздан тұрамыз, Қанатымызды жаямыз. Ұшақ болып ұшамыз, Суда жүйіткіп жүземіз, Кемелерді түземіз. Жол тәртібін сақтап, Троллейбусқа мінеміз.</p> <p>Жұмбақ шешу.</p> <p>Төбесінде ебелек, Ұшады өзі керемет. (тікұшақ). Қазша қанатын жаяды, Үйрекше мойнын созады. Құсша қонады. (ұшақ). Тырылдап көкте инелік, Инелік емес үй делік. (тікұшақ).</p> <p>Қорытынды: -Қандай көлік түрлерін білесің? -Алыс жол жүріп көрдіңдер ме? -Сендер қандай көлік түрлерін ұнатасындар?</p> <p>Балаларды мадақтау. Бағалау.</p>	<p>Күлме мейлің, күл мейлің, Итті көзге ілмеймін. Жақсы көрем балықты, Әттең аулай білмеймін. Қадыр Мырза Әли.</p> <p>Тыңда. Балықшы мысық. Мысық өзенге балық аулауға барады. Қармағын суға салады. Оған кішкентай шабақ түседі. «Бұл кішкентай балық қой»-деп ойлайды. Қармағына құртын іліп алық тағы да суға тастайды. Бұл жолы қармаққа алабұға түседі. «Алабұға да үлкен емес»-деп ойлайды. Мысық қармағын үшінші рет суға тастайды. Қармаққа үлкен шортан балық түседі. Ол мысықты суға сүйреп әкетеді.</p> <p>Жұмбақ. Көзін жұмады, Көзін ашады. Дыбысын білдірмей, Ақырын асады. (мысық).</p> <p>Қорытынды. -Мысықты ұнатасындар ма? -Мысықтың баласын қалай аталады? -Сендердің үйлерінде мысық бар ма?</p> <p>Балаларды бағалау.</p>	<p>-Бүгінгі сабақ сендерге ұнады ма? Балаларды мадақтау. Бағалау.</p>	
Серуен. Табиғатты бақылау.	№1. Ауа райына бақылау жасау. Д.О. «Ауа райын сипатта» Ойын шарты: Балалардың	№2. Күнге бақылау жасау. Қимылды ойын: «Күн мен бұлт»	№3. Желге бақылау жасау. Тапсырма: Бұлттардың қозғалысына байланысты	№4. Аспанға бақылау жасау. Д.О. «Көктемге арнап	№5. Шоғырланған бұлтқа бақылау жасау. Д.О. «Бұлт неге

	ауа райына байланысты сөздерді таңдап алуы. (жылы, ашық, суық, желді).	Ойын шарты: Балалар «Күн» деген сөзді естігенде қыдырып жүреді «Түн» дегенде тығылып қалады.	жел күшін анықтау.	бояу табайық» Ойын шарты: Балалар жыл мезгілдері туралы білімдерін тиянақтау. Көктемгі табиғаттағы өзгерістерді әңгімелеу.	ұқсайды?» Ойын шарты: Түрлі заттар мен жануарлардың келбетін таба білуге үйрету. балалардың
--	------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------------------------------------	--------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------------------------------------------------------------